

Кеңқияқ жалпы орта білім беретін мектебінің қамқоршылық кеңесі отырысы
2024-2025 оқу жылы

№ 1 хаттама

Кеңқияқ селосы «Кеңқияқ жалпы орта білім беретін мектебі» ММ
Өткізілген күн: 12.09.2024 жыл

Өткізілген орны: Кеңқияқ жалпы орта білім беретін мектебі

Қатысушылар:

1. Құбашева А.М. – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, ардагер ұстаз
2. Жусибалиев Т.М.- ардагер ұстаз
3. Ж.Б.Женчурин – Кеңқияқ полиция бөлімінің сержанты
4. Т.К.Оспанов – ЖШС «Техногаз компания» басшысы
5. А.А.Мусрепова. – ата-аналар комитетінің төрайымы
6. Хайтмухамедова Г.А. -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
7. Таскарина Г.Ж. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
8. Р.С.Жангожина- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
9. Р.Н.Абдигалиева- әлеуметтік педагог

Қаралатын мәселелер: 1.2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастырылуы туралы мәлімет, 2.Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының тамыз-қыркүйек айы бойынша есебі.

3.Жаңа оқу жылында мектепшілік күзгі жәрмеңкенің ұйымдастырылуы.

Тыңдалды:

1. Сөз сөйлеуші:

Р.Н.Абдигалиева –әлеуметтік педагог:Мектебіміздегі жекелеген санат отбасынан шыққан 114 оқушы, көп балалы, толық емес отбасынан -12 оқушы, төтенше жағдайдан зардап шеккен отбасынан- 1 оқушы, жас домбырашылар арасынан- 1 оқушы . «Campit» жазғы сауықтыру лагеріне- 30 оқушы ұйымдастырылды
Және де «Мектепке жол»қайырымдылық акциясында мектеп ұстаздары, ауыл кәсіпкерлері өз үлестерін қосып, нәтижесінде 71 оқушы қамтылғаны , жалпыға бірдей білім беру қорынан 129 оқушы қаржылай көмек алғандығы жөнінде айтылды.

2. Г.Ж.Таскарина-ДТЖО:Мектепшілік күзгі жәрмеңке ұйымдастырылып, түскен қаражатқа мектепке музыкалық аппарат сатып алу ұсынылды.
3. А.М. Құбашева- Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, ардагер ұстаз:
Республикалық «Мектепке жол» акциясының нәтижесі өте жақсы . Мектепке әлеуметтік жағдайына байланысты келе алмай отырған оқушы жоқ. Және де мектепшілік күзгі жәрмеңке өткізуге қарсылығым жоқ. Жыл сайын дәстүрге айналған іс-шара .

Кеңес мүшелері белгіленген мәселе бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, мектепшілік күзгі жәрмеңке ұйымдастырылып, түскен қаржыға мектепке музыкалық аппарат алынуын мақұлдады.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектепшілік күзгі жәрмеңке санитарлық талапқа сай өткізіліп, мектептің барлық сынып оқушылары ұйымдастырылсын.